

Азизов Худайберген Алимбаевичтің 8D09101-Ветеринариялық медицина бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Поликомпонентті фитопрепараттың қозылар ағзасының телімсіз резистенттілік көрсеткіштеріне әсері және бронхит ауруына қарсы емдік тиімділігі» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысына
Ресми рецензенттің жазбаша пікірі

р/н №	Өлшем шарттар	Өлшем шарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жоба бағдарламалары аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету)</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған</p> <p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</p>	<p>Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы «Ұлттық Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» акционерлік қоғамы бекітілген (тіркеу № 0125РКИ0014) «Фитопрепараттардың ауылшаруашылығы жануарлар төлдерінің респираторлық ауруларына қарсы емдік тиімділігін зерттеу» ынталандыру тақырыбы аясында орындалған және оның негізгі мәселелері 2021-2030 жж арналған ҚР агроөнеркәсіптік кешенін дамыту концепциясының перспективалық бағыттарынғ оның ішінде ветеринария саласының тиімділігін арттыруға сәйкес келеді.</p>
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.</p>	<p>Докторант ғылыми жұмысы нәтижелерімен ветеринария ғылымының дамуына айтарлықтай үлесін қосқан. Поликомпонентті фитопрепараттың рецептурасы әзірленіп, дәрілік түрлер дайындау технологиясы игерілді және оңтайлы терапиялық дозалары белгіленді. Алынған поликомпонентті фитопрепараттың биологиялық белсенділігін яғни антимикробтық әсерінің, жіті және созылмалы токсикалық ықпалының, организмге жиналу қабілетінің бар-жоғын анықтау үшін зерттеулер жүргізіліп, осы поликомпонентті фитопрепаратының қозылар ағзасының телімсіз резистенттілігіне пайдалы әсері және бронхит ауруына емдеуде оның жоғары фармакотерапиялық тиімділігі анықталды.</p>

3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Изденушінің диссертацияны жазу деңгейі жоғары. Диссертация бөлімдері талаптарды ұстана отырып, сәйкес рәсімделген. Изденуші әдеби тілде арнаулы терминология қолдана отырып, жұмыс мазмұнын жан-жақты және терең сипаттай алған.
4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген. 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды. 4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Диссертацияда жұмыстың өзектілігі толық негізделген. Ауылшаруашылығы саласының жағдайында жануарлар ағзасына қауіпсіз және биологиялық, фармакологиялық белсенділігі жоғары жаңа көп компонентті өсімдік тектес препараттар әзірлеу, олардың көмегімен қозылар ағзасының иммундық деңгейін жоғарылату және олардың респираторлық ауруларында (бронхит) кешенді ем шараларын тиімді нәтижелермен жүзеге асыру ғылыми жұмыстың өзектілігін негіздейді. Келтірілген диссертация «Поликомпонентті фитопрепараттың қозылар ағзасының телімсіз резистенттілік көрсеткіштеріне әсері және бронхит ауруына қарсы емдік тиімділігі» тақырыбында ашылған. Диссертацияның мақсаты, міндеттері, зерттеу нысандары, әдістер мен алынған нәтижелері және қорытындысы мазмұнын айқындайды. Диссертация жұмысының мақсаты жергілікті дәрілік өсімдіктер шикізатынан дайындалған поликомпонентті фитопрепараттың қозылар ағзасының телімсіз резистенттілік көрсеткіштеріне әсерін және бронхит ауруына қарсы емдік тиімділігін ғылыми негіздеу. Осы мақсатқа жету үшін жергілікті фитопрепараттар дәрілік әзірлеу өсімдіктер және шикізатынан поликомпонентті олардың фармако-токсикологиялық, микробиологиялық қасиеттерін және оңтайландырылған дозаларын анықтау, осымен қатар поликомпонентті фитопрепараттардың бронхитпен ауырған қозылар ағзасының телімсіз резистенттілігінің гуморальдық иммунитет көрсеткіштерінің динамикасына әсерін және де бұл фитопрепараттардың бронхитпен ауырған қозылар ағзасының телімсіз


			резистенттілігінің торшалық иммунитет көрсеткіштерінің динамикасына әсерін анықтап, қозылардың респираторлық ауруларына қарсы салыстырмалы емдік және профилактикалық тиімділігін анықтау диссертация тақырыбына сәйкес келеді.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен құрылысының логикалық байланысы бар. Шаруашылық және зертханалық жағдайда жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесі ретімен баяндалып, толық байланысқан.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Ғылыми жұмыста сыни тұрғыдан талдаулар жүргізілген. Жұмысты орындау барысында пайдаланған әдістер өзге ғалымдардың нәтижелерімен салыстырылған және сілтемелер жасалған.
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациялық жұмыста алынған нәтижелер және ұсыныстар толық жаңа болып табылады. Арнайы технологиялық әдіс негізінде шайқурай, жыланқияқ, жалбызтікен және андыз өсімдіктерінің шикізаттарынан поликомпонентті фитопрепараттар әзірленді. Алғаш рет поликомпонентті фитопрепараттардың зертханалық жануарларда фармакологиялық, токсикологиялық, микробиологиялық, иммунологиялық қасиеттері және оңтайландырылған дозалары анықталды. Алғаш рет поликомпонентті фитопрепараттардың бронхит ауруына шалдыққан қозылардың морфологиялық және иммунологиялық көрсеткіштерінің динамикасына әсер етуі зерттелінді, осымен қатар, алғаш рет қозылардың респираторлық ауруларына қарсы поликомпонентті фитопрепараттардың салыстырмалы емдік және профилактикалық тиімділігі анықталып отыр.

			Жұмыстың жаңалығы ҚР 1 пайдалы модельге алынған патентте (№9878. 06.12.2024 ж.) және 1 әдістемелік нұсқауда көрсетілген.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациялық жұмыстағы зерттеулер, нәтижелер, қорытындылар толығымен жаңа. Алынған нәтижелер Scopus және Халықаралық ғылыми басылымдарда жарияланған.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Ұсынылған техникалық, технологиялық және экономикалық шешімдер инновациялық сипатқа ие болып табылады және олар соңғы ғылыми зерттеулер мен практикалық тәжірибелердің нәтижелеріне сүйене отырып негізделген.
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген /негізделмеген (qualitative research және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Ғылыми жұмыстың негізгі қорытындылары ғылыми тұрғыда негізделген, сонымен қатар зерттеулердің теориялық және практикалық маңыздылығы көрсетілген. Алынған нәтижелер Халықаралық деңгейде танылған Scopus дерекқорындағы журналында жарияланған, бұл зерттеудің инновациялық сипатын және қолданыстық құндылығын растайды.
7	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ;	7.1 Ізденушінің диссертациялық зерттеуі ережелер мен заңдылықтарды эксперименттік және теориялық тұрғыда толық дәлелдеген, олар жарияланған ғылыми еңбектерде, оның ішінде Scopus индекстелген журналда көрсетілген. 7.2 Жоқ, диссертациялық жұмыс тривиалды емес

		<p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>7.3 Ия, зерттеу жаңа әдіснамаларды, модельдерді, тәжірибелік ұсыныстарды ұсынады, олар проблеманы шешудің тиімділігін арттырады.</p> <p>7.4 Алынған нәтижелер тек бір саламен шектелмейді қолдану аясы кең</p> <p>7.5 Зерттеу жұмысы бойынша жарияланған мақалалармен дәлелденді</p>
8	<p>Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) ия; 2) жоқ.</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ.</p>	<p>Ия, зерттеуде қолданылған әдіснама мәселелердің ерекшеліктеріне сәйкес ғылыми әдебиеттердің талаптары мен заманауи стандарттары негізінде мұқият таңдалған. Таңдалған зерттеудің заманауи әдістері мен қатар зерттеудің жалпы қолданыстағы әдістері көрсетілген. Әдістердің тиімділігі теориялық тұрғыда негізделген және диссертацияның әдістемелік бөлімінде толық құрылымдалған.</p> <p>Ия. Диссертациялық жұмыс компьютерлік технологияларды қолдана отырып, жұмысты орындау кезінде жалпы қолданымда жүрген биологиялық, физико-химиялық әдістер пайдаланып, зерттеу кезінде алынған цифрлық мәліметтер нәтижелері компьютерлік биостатистикалық түрде өңделген.</p>

		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия; 2) жоқ.</p>	<p>Ия. Диссертациялық жұмыста келтірілген барлық ғылыми позициялар жоғары деңгейдегі дәлелдік базаға сүйенеді. Диссертациялық жұмыс қорытындылары өзара байланысқан және эксперименттік зерттеулермен дәлелденіп расталған.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.</p>	<p>Диссертациялық жұмыста нақты және маңызды, ғылыми-тәжірибелік мәлімдемелер келтірілген және олар сенімді ғылыми әдебиеттермен, сілтемелермен расталған.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.</p>	<p>Диссертациялық жұмысты жазу барысында пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті.</p>
9	Практикалық құндылық қағидаты	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:</p> <p>1) бар; 2) жоқ.</p>	<p>Диссертацияның теориялық, тәжірибелік маңызы бар. Докторант, Қазақстанда кең таралған, құрамында биологиялық белсенді заттары көп, пайдалы өсімдіктерден арнайы әдістермен поликомпонентті, фармакологиялық қасиеттері жоғары, фитопрепарат әзірледі және де алғаш рет поликомпонентті фитопрепараттың төлдердің организмдегі иммунологиялық статус көрсеткіштеріне ынталандырушы әсерін анықтап, жиі кездесетін олардың респираторлық ауруларына профилактика жасау үшін және кешенді емдеу мақсатпен пайдаланудың тиімділігін көрсетті. Докторант поликомпонентті фитопрепараттардың фармакодинамикасын жан-жақты зерттеді және фитопрепараттардың организмнің резистенттілігіне әсер ету механизмі туралы деректерді толықтырды.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) ия; 2) жоқ.</p>	<p>Ия. Диссертацияның практикалық маңыздылығы жоғары және өндіріс үшін тәжірибелік жағынан өте құнды болып табылады. Докторанттың жүргізген ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері практикада қолдану барысында ешқандай күмән тудырмайды, 1 өндіріске ұсыныс дайындалды.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p>	<p>Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа деп есептеймін</p>

		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмыстың академиялық жазу сапасы жоғары. Автордың зерттеулері басқа ғалымдардың жұмыстарымен салыстырылған және барлық пайдаланылған басқа авторлардың еңбектеріне сілтемелер берілген. Диссертациялық жұмыс жазу барысында академиялық адалдық және ғылыми этика сақталған.
11	Диссертацияға ескертулер	Жалпы диссертациялық жұмыстың өзектілігі күмән тудырмайды. Зерттеу жұмысының міндеттері толықтай ашылып, сипатталған. Дегенмен автор орындаған жұмыстың жағымды жақтарымен қатар кемшіл тұстарын да атап өткен жөн: 1. Өсімдік шикізатына қандай экстракция әдісі пайдаланғаны жазылмаған; 2. Алынған экстрактілердің сапасы Қазақстан Республикасында қабылданған қолданыстағы қандай стандарттар мен нормативтерге сәйкес екендігі жазылмаған. 3. 15, 16, 17, 18,19, 20, 21 кестелерде нормативтік көрсеткіштер келтірілмеген. 4. 14 кестеде Р- сенімділік критерийі көрсетілмеген. 5. 8 және 9 кестелерде бақылау және интактік топтағы тышқандардың көрсеткіштерінің айырмашылығы өте аз, сондықтан екі топтың біреуін қалдырып, нормативтік көсеткіштерді келтірген жөн? 6. 10-11 кестелерде салыстыру препараты жоқ 7. 24 кестеде экстракциялау арқылы алынған фитопрепараттың емдік күшін сіз су көмегімен алынатын қайнатпа және тұнбамен салыстырасыз. Бұл қаншалықты жарамды? 8. Неге клиникалыққа дейінгі зерттеулер жасағанда фитопрепараттардың қабынуға қарсы қасиеттерін анықтамадыңыз? Дегенмен бұл ескертулер жұмыс сапасына айтарлықтай әсер етпейді. Олар міндетті қағидат емес және диссертациялық жұмыстың жалпы бағалану деңгейін төмендетпейді.	
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейінің мазмұны, құрылымы мен сапасы талаптарға сай жазылған. Диссертацияның тақырыбына сәйкес түрлі баспаларда жалпы саны 18 ғылыми еңбек жариялаған, соның ішінде Scopus базасында ндекстелген рецензияланатын шетелдік ғылыми басылымға енген 1 мақала, CiteScore рейтингі бойынша процентиі- 53, Қазақстан Республикасының пайдалы моделіне арналған 1 патент, ҚР ҒЖБССҚК ұсынған басылымдарда 5 мақала, халықаралық конференция материалдарында 6 мақала жариялаған, 1 өндіріске ұсыныс дайындалды.	

	<p>докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)</p>
<p>13 Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)</p>	<p>Азизов Худайберген Алимбаевичтің «Поликомпонентті фитопрепараттың қозылар ағзасының телімсіз резистенттілік көрсеткіштеріне әсері және бронхит ауруына қарсы емдік тиімділігі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы қойылған талаптарға сай келеді, 8D09101-Ветеринариялық медицина бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға толық лайықты деп есептеймін.</p>
<p>Ресми рецензент:</p> <p>Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, «Жануарлар ғылымы және ветеринария институтының» доценті, ветеринария ғылымдарының кандидаты</p>	<p>Есжанова Гульжан Турсуновна</p> 

«21» мамыр 2026 жыл

Ветеринария ғылымдарының кандидаты, доцент Г.Т. Есжанованың қолын растаймын С.Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ бас ғылыми хатшысы



Г.М. Дерипсалдина